

Мәслихаттың 2014 жылғы 14 наурыздағы № 258 "Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды қосымша беру туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 485 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 қаңтарда № 6192 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 265 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 23.05.2018 № 265 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 14 наурыздағы № 258 "Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды қосымша беру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4577 тіркелген, 2014 жылғы 18 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"Тобрамицин" препараты, ингаляцияға арналған ерітінді, 300 миллиграмм 5 миллилитр, муковисцидозбен ауыратын азаматтарға;

"Третиноин" препараты, капсула, 10 миллиграмм, онкологиямен ауыратын азаматтарға."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы*

И. Вечтейн

С. Ещанов

КЕЛІСІЛДІ

"Қостанай облысы әкімдігінің
денсаулық сақтау басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ О. Бекмағамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК